

**Elorda Aqparat . - 2019. -18 апреля**

### **Елордада «Тұңғыш» атты көшпелі көрме ашылды**

Нұр-Сұлтанда «Тұңғыш» деген атпен Қазақстандағы Президенттік институттың тарихына арналған көшпелі көрме өз жұмысын бастады, деп хабарлайды Елорда Инфо.

Онда Қазақстандағы Президенттік институттың құрылу және даму тарихынан хабар беретін дерек-құжаттармен жақын танысуға болады. Атап айтқанда, Елбасының даңғыл жолын бейнелейтін бірегей жәдігерлер мен құжаттарды. Сондай-ақ, сирек кездесетін кадрлар мен суреттер орын алған. Одан бөлек, көрмеде Нұрсұлтан Назарбаевтың өмір жолы мен қызметін баяндайтын құжаттар қойылған.

*«Жастарымыз Елбасының ел үшін сіңірген еңбегін жақсы біледі. Бүгінгі көрмеге олар белсенді түрде қатысуда. Бізде 13 мың студент бар солардың барлығы көрмемен танысып және көрме өз жалғасын табатын болады», - деді ҚазАТУ университетінің ректоры Ақылбек Күрішбаев.*

«Тұңғыш» экскурсиялы көрмесі сәуір айының соңына дейін жалғасады. Көрме елордалық ЖОО –мен қатар бірқатар мектептерде өтеді.

Ұйымасдырушылардың айтуынша, көрмені тамашалаушылар оған қойылған жәдігерлерді қолмен ұстап көруге де болады. Оның ішінде Тұңғыш Президенттің мектеп оқушысы кезіндегі сабақ үлгерімі табельдері мен кітаптары бар.

Айтулы шара, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы мен С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университетінің ұйытқы болуымен ұйымдастырылуда.